

# **ДӘРІС №5**


## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕҢІЛ ЖӘНЕ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ**

**ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ПРОФЕССОР  
ТОКБЕРГЕНОВА АЙГУЛ АБДУГАППАРОВНА**



# Жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп — шикізаттың әр түрінен негізінен тұтыну тауарларын өндіретін салалардың жиынтығы. Жеңіл өнеркәсіп жалпы ұлттық өнім өндірісінде маңызды орындардың бірін алып отыр және ел экономикасында елеулі рөл атқарады. Өнеркәсіптің өнімі және өңделген шикізатты тасымалдауға қолайлы, әрі ұзақ сақталады. Жеңіл өнеркәсіптегі басты сала — мата тоқу саласы. Негізінен ауыл шаруашылық өнімдерін пайдалана отырып, киіз шығарады. Оларды өсімдік (мақта зығыр) немесе жануарлар (жүн, жібек) өнімдерінен химиялық талшықтар қоса отырып жасайды



# Жеңіл өнеркәсіптің салааралық байланыстары



# ЖЕҢІЛ ЖӘНЕ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ —

БҰЛ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕКІ САЛАСЫ, ОЛАР ХАЛЫҚТЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕ ҚАЖЕТТІ ӨНІМДЕРДІ ӨНДІРУМЕН АЙНАЛЫСАДЫ.

**Жеңіл өнеркәсіп** – тұтыну тауарларын өндіретін сала. Оның басты мақсаты – халықты киім-кешек, аяқ киім, тұрмыстық және сәндік бұйымдармен қамтамасыз ету.

## **Негізгі бағыттары:**

1. **Тоқыма өнеркәсібі** – мата, жіп, трикотаж, кілем өндірісі.
2. **Тігін өнеркәсібі** – киім, арнайы жұмыс формалары, мектеп формасы тігу.
3. **Тері және аяқ киім өнеркәсібі** – тері өңдеу, былғары, аяқ киім шығару.
4. **Жүн және мақта өңдеу** – шикізатты дайын өнімге айналдыру.

## **Қазақстандағы негізгі орталықтар:**

- Алматы (тігін және тоқыма өндірісі),
- Шымкент (мақта өңдеу, тоқыма комбинаты),
- Қызылорда, Тараз, Семей (тері және жүн өңдеу кәсіпорындары).



Былғары, аяқ киім және тері өңдеу өнеркәсіптері бір-бірімен тығыз байланысты. Тері өңдеу (табиғи былғары алу) шикізат көзіне, су мен электр қуатына жақын орналасады. Еліміздегі тері өңдеу өнеркәсібінің негізгі орталықтары - Өтеген батыр (Алматы облысы), Петропавл, Рудный зауыттары. Қостанайда, Алматыда, Таразда, Ақтауда аяқ киім фабрикалары жұмыс істейді.



**Мақта-мата өнеркәсіптері Оңтүстікте шоғырланған. Барлық мақта тазалау зауыттары (олар 30-дай) Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан.**

---

Жүн өнеркәсібі мардымсыз дамыған. Жүнді бастапқы өңдеу фабрикалары Оңтүстікте (Таразда және т.б.) және Шығыста (Семейде), ал мата тоқитын фабрикалар Фабричный кентінде (Алматы маңында), Қостанай мен Семейде орналасқан. Тоқыма өнеркәсібінде Алматы ерекше орын алады.



## ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІПТІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ САЛАЛАРЫ

- Тоқыма өнеркәсібі, киім-кеңейту, былғары, аяқ-киім, тоқыма бұйымдары
- Сала құрылымы: 20-дан астам кіші саланы қамтиды.
- Нақты үлестері: 2024 жылғы 1 сәуірде 1400 кәсіпорын жұмыс істейді, оның ішінде тігін – 58 %, тоқыма – 33 %, былғары – 9 %

# Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі

| Сала бағыты                 | Негізгі өнім түрлері              | Ірі кәсіпорындар                           | Аймақтар                   | Экономикалық маңызы                      | Мәселелер мен даму болашағы                                                       |
|-----------------------------|-----------------------------------|--------------------------------------------|----------------------------|------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|
| Тоқыма өнеркәсібі           | Мата, жіп, киім, кілем            | «Azala Textile» (Шымкент), «Almaty Cotton» | Түркістан, Алматы, Шымкент | Шикізатты (мақта) өңдеу, экспорт         | Заманауи жабдықтар жетіспейді, импорт басым; экспорттық өнім үлесін арттыру қажет |
| Тері және аяқ киім өндірісі | Аяқ киім, былғары бұйымдары       | «Zeki» (Алматы), «KAZLeather»              | Алматы, Қостанай           | Ішкі нарықты қамтамасыз ету              | Жергілікті шикізатты толық өңдемеу, шетелдік өніммен бәсеке                       |
| Тігін өндірісі              | Дайын киім, формалар, ұлттық киім | «Glasman», «KazLegProm»                    | Алматы, Шымкент, Қызылорда | Халықты жұмыспен қамту (әсіресе әйелдер) | Технологиялық жаңару, дизайн және маркетинг жетілдіру                             |
| Жүн өңдеу                   | Жүн, киіз, кілем                  | «SemeyWool», «BalTekstil»                  | ШҚО, Павлодар, Семей       | Экспорттық әлеует                        | Шикізаттың аз өңделуі, өндіріс көлемін арттыру қажет                              |

# ЖЕҢІЛ ЖӘНЕ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ —

БҰЛ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕКІ САЛАСЫ, ОЛАР ХАЛЫҚТЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕ ҚАЖЕТТІ ӨНІМДЕРДІ ӨНДІРУМЕН АЙНАЛЫСАДЫ.

**Тамақ өнеркәсібі** – ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеп, адам тұтынуына жарамды тағамдар мен сусындар өндіретін сала.

## **Негізгі бағыттары:**

1. **Астық өңдеу және наубайхана** – ұн, нан, макарон өнімдері.
2. **Ет және сүт өнеркәсібі** – ет өнімдері, шұжық, ірімшік, сүт, айран.
3. **Қант және кондитер өндірісі** – тәттілер, шоколад, печенье.
4. **Балық және өсімдік майы өндірісі.**
5. **Сусындар өндірісі** – шырын, су, квас, алкогольсіз және алкогольді өнімдер.

## **Қазақстандағы негізгі орталықтар:**

- Алматы (ет, сүт, кондитер өнімдері),
- Қостанай, Павлодар (ұн, май өңдеу),
- Астана, Шымкент, Қарағанды (сусын және сүт өндірісі).

# Тамақ өнеркәсібінің орналасу факторлары

```
graph TD; A[Тамақ өнеркәсібінің орналасу факторлары] --> B[Тұтынушыға жақын]; A --> C[Шикізат көзіне жақын]; A --> D[Тұтынушыға да, шикізат көзіне де жақын]; B --> B1[Кондитерлік, нан пісіру, макарон өнімдері, шай шығару, сыра қайнату]; C --> C1[Жарма, май айыру, қант, консерві түрлері, балық, крахмал, сіркесу]; D --> D1[Ет, ұн тарту, сүт өнімдері];
```

Тұтынушыға жақын

Кондитерлік, нан пісіру,  
макарон өнімдері, шай  
шығару, сыра қайнату

Шикізат көзіне жақын

Жарма, май айыру,  
қант, консерві түрлері,  
балық, крахмал, сіркесу

Тұтынушыға да,  
шикізат көзіне де  
жақын

Ет, ұн тарту, сүт  
өнімдері

# Қазақстанның тамақ өнеркәсібі

| Сала бағыты            | Негізгі өнімдер                  | Ірі кәсіпорындар                       | Аймақтар                 | Экономикалық рөлі                          | Мәселелер мен даму болашағы                    |
|------------------------|----------------------------------|----------------------------------------|--------------------------|--------------------------------------------|------------------------------------------------|
| Астық және ұн өндірісі | Ұн, нан, макарон өнімдері        | «Астана-нан»,<br>«Ақтөбе ұн комбинаты» | Ақмола, Қостанай, Ақтөбе | Экспорттың негізгі бөлігі — ұн             | Астық сапасы мен экспорттық логистика          |
| Сүт өнімдері           | Айран, сыр, сүт, йогурт          | «FoodMaster»,<br>«Raimbek Agro»        | Алматы, Солт. Қазақстан  | Халық денсаулығы, ауыл шаруашылығын қолдау | Заманауи өңдеу цехтарын көбейту                |
| Ет және шұжық өндірісі | Ет, шұжық, консерві              | «Беккер және К»,<br>«Meat Processing»  | Қарағанды, Алматы        | Ішкі нарықты қамтамасыз ету                | Мал бордақылау кешендерін кеңейту              |
| Қант және сусын        | Қант, шырын, сусын, су           | «Raimbek Bottlers»,<br>«Kokshe»        | Алматы, Көкшетау, Тараз  | Импортты алмастыру, экспорт өсімі          | Қант қызылшасын жергілікті өндіруді арттыру    |
| Балық және консерві    | Тұздалған, мұздатылған, консерві | «Каспий Балық»,<br>«Атырау балық»      | Атырау, Маңғыстау        | Каспий аймағының экспорттық әлеуеті        | Су ресурстарын сақтау және экологиялық бақылау |

# СТАТИСТИКАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

2023 жылы жеңіл өнеркәсіпте елеулі өсу болғанымен, 2024 жылы өсу темпі бәсеңдеген. Ал тамақ өнеркәсібі 2023–2025 жылдары өсім жолында.

Тамақ өнеркәсібі қазіргі уақытта тұрақты әрі жеделдетілген өсіммен дамуда, ал жеңіл өнеркәсіпке инвестиция мен экспорттық бағыт қажет.

Болашақта екі сала үшін де өңдеу қуатын арттыру, сыртқы нарыққа шығу, инновацияларды енгізу, шикізат база қамтамасыз ету маңызды.

2023

жеңіл өнеркәсіп 6,9 %-ға өсті.

2024


жылы елімізде жеңіл өнеркәсіп өндірісі 15,5 %-ға өсті, 113,1 млрд теңге көлемін құрады.

2025

бірінші жартыжылдығында тамақ өнімін өндіру көлемі 1,8 трлн теңгені құрады, өткенге қарағанда +10 %.

## ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІПТІҢ СТАТИСТИКАСЫ

- 2022 жылы жеңіл өнеркәсіп 6,9 %-ға өсті.
- 2021 жылы былтыр елімізде жеңіл өнеркәсіп өндірісі 15,5 %-ға өсті, 113,1 млрд теңге көлемін құрады.



# ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп саласының дамуы бүгінгі таңда басымдықты бағыттардың бірі, себебі саланың әлеуметтік маңызы мынада: тұрғындарды жұмыспен қамтудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Бүгінде Қазақстан Үкіметі отандық жеңіл өнеркәсіп саласын қолдаудың бірқатар шараларын іске асыруда: еркін экономикалық аймақтар, салық салудағы жеңілдіктер, несиелендіру, оқытуға квоталар мен гранттар, мемлекеттік инвестициялар.

